

ТІЛІНДЕ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ

Жетписова Д.М., Кударина А.С.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңнамасында «Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға және ой-өрісін дамытуға бағытталған арнайы түзету, оқыту бағдарламаларына сәйкес түзету жұмыстары жүргізілсін», - деп көрсетілген.

Ал, даму мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу заңдылықтарын қарастыратын-дефектология. Дефектологияның бір бөлігі-логопедия.

Алғаш XVII ғасырда қолға алынғанымен тілінің мүкісі бар балаларды медицина және психология жолдарымен зерттеп, тиісті емдеу шараларын қолданудың жолын табу әрекеттері XX ғасырдың 30 жылдарына дейін созылды.

Логопедтердің айтуынша бала 4-5 жаста ана тіліндегі барлық дыбыстарды дұрыс айта білуі керек. Бірақ мектеп жасына дейінгі балалардың арасында кейбір дыбыстарды бұзып, алмастырып, шатастырып айту жиі кездеседі. Әсіресе жиі бұзылатын дыбыстар: с, з, к, ш, ж, ч, щ, р, л, н.

«Тіл – ішкі сырды сыртқа шығаратын құрал» деп Ж.Аймауытов айтып кеткен. Ал әртүрлі дәрежедегі тілдің кемістігі балалардың психикалық, физикалық, ақыл – ойының дамуына кері әсерін тигізеді, баланың жеке тұлға боп қалыптасуына кедергі болады, бала тұйық, сенімсіз, ұялшақ болып келеді, көп сөйлемеуге тырысады, сөйтіп баланың мінез-құлқы өзгереді.

«Есейген соң өзі түзеліп кетеді» - деп көбінесе ата-аналар ақаулықтарға көңіл бөлмейді. Дыбыс айтылуындағы кемістіктер баланың оқу, жазу дағдыларының, мінез-құлқының қалыптасуына, сабақ үлгеріміне көп әсер тигізеді. Мектепке барғанда оқу үлгерімі нашар болып, өскенде мамандық таңдауы да қиындық туғызады. Сондықтан, ондай балаларға міндетті түрде логопедиялық көмек ертерек жүргізген қажет.

Жоғарыда атап кеткенде логопедия тіл кемістіктерін, оның себептерін болдырмауды зерттейді. Тіл мүкістіктерінің түрлері де, себептері деп көп.

Баланың сөйлеу тілі патологиясының негізгі себептері:

Әртүрлі ішқұрсақ патологиясы іштегі нәрестенің дамуына зияның тигізеді. Сөйлеу тілінің ен ауыр кемістіктері іштегі нәрестенің 4 апталық пен 4 айлық аралығындағы дамуынның бұзылуынан пайда болады. Іштегі нәрестенің дамуының бұзылуына анасының екіқабат кезіндегі таксикоз, вирусты және эндокринді аурулар, жарақаттар резус-фактор бойынша қанның сыйымсыздығы және басқалар әсер етуі мүмкін;

Босану кезіндегі жарақаттану және босану кезіндегі асфиксия (оттектің жетіспеуі);

Өмірінің алғашқы жылдарында әртүрлі аурулар;

Бас сүйегінің жарақаттануы;

Тұқым қуалаушылық факторлар;

Әлеуметтік тұрмыстық жағдайларының қолайсыздығы.

Бұл себептерден пайда болған тіл кемістіктерін түзету үшін арнайы әдіс-тәсілдерді, жаттығуларды қолданған жөн. Артикуляциялық жаттығулардың негізгі мақсаты тіл дыбыстарын дұрыс айтуға, керекті сөйлеу мүшелерінің қимыл-қозғалыстарын толық жетілдіру. Жаттығулар қойылатын дыбысқа байланысты жүйеленеді және ерін, тіл қимылдарын, қалпын дағдыландыруға бағытталады. Балаларды қызықтыру үшін және жаттығуды ойларына сақтап қалу үшін әр жаттығу әртүрлі атпен аталады. Мысалы:

«Күрекше» – жалпақ тілді шығарып астыңғы ерінге ұстап тұру керек. «Инеше» -ауызды кең ашып тілді алға қарай жіңішкертіп шығарып 10-15 секунд ұстап тұру керек.

«Төбешік» – аузыңды жартылай ашып, тілдің екі жақ шетін жоғары азу тістерге жапсырып, тілдің ұшын астыңғы тіске тіреп ұстау.

«Түтікше» – жалпақ тілді ауыз қуысына шығарып, тілдің бүйір жақтарын көтеріп түтікшеге үрлеу. Жаттығуды жайлап жасау керек.

«Ожау» – ауызды кең ашып, жалпақ тілді көтеріп жоғары тістерге созып, бірақ тигізбей ұстап тұру керек.

«Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек.

«Саңырауқұлақ» -ауызды кең ашып, тілді тандайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.

«Алтыбақан» – жіңішке тілді ауыздан шығарып біресе мұрынға созып, біресе иекке созу жаттығуды жасағанда ауыз ашық болу керек. Осылай 10-15 рет қайталау керек.

«Тәтті тосап» – жалпақ тілді шығарып жоғары ерінді жалап, тілді ауыз қуысына тереңірек апару. /15 рет қайталау/.

«Тоқылдақ» – ауызды кең ашып тілдің ұшымен жоғарға альвеолоға немесе таңдайға жиі-жиі соғылғандай қимыл жасау керек.

«Ат шауып келеді» – ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру – айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардан тек әр дыбысқа керекті жаттығулар алынады.

Қазіргі кезде тіл кемістігі бар балалар санының артуы байқалуда. Ал, осы кемістіктерді жоюдағы тиімді әдістердің бірі – логопедиялық ритмика, бұл – белсенді терапияның бір түрі. Ол алдына мынандай мақсат қояды: тіл кемістігі бар балалардың сөзді, әуенді қолдана отырып, сөйлеуін түзетуді дамыту.

Логоритмика – қимыл әрекеттерге арналған жаттығулардың жүйесі. Әр түрлі қимылдар арнайы сөздік (сөйлеу тілдік) материалдың сөздерін қайталаумен бірігеді. Ол белсенді терапияның түрі, сөйлеу тілдік немесе тілдік емес психикалық функцияларын дамыту мен түзету жолдарымен сөйлеу тілін және қосалқы бұзылымдарды түзетеді, соңында адамды ішкі және сыртқы ортаның жағдайына бейімдейді. Музыка тек қимыл-әрекетті қолдамай, басқару бастамасы да бола алады. Логоритмика сабақтарының әсерінен балаларда жүрек қан тамырларының, тыныс алуының, қимыл-қозғалысының, сенсорлық жағдайының, сөз-қимылды әрекеттерінің жағымды түрде қайта құрылуы жүреді және тұлғаның ерік-жігер сапалығын тәрбиелейді.

Логоритмиканың мақсаты: дамыта-тәрбиелеу және түзету бағытымен қимыл-әрекет аймағын сөзбен және музыкамен біріктіріп сөйлеу тілінің бұзылымдарын алдын-алу және түзету. Логоритмикалық сабақтарда бірнеше мақсат қойылады:

- артикуляцияның қимылдарын нақтылау;
- фонематикалық қабылдауының дамуы артады;
- сөздік қоры кеңейтіледі;
- қимыл-әрекет есте сақтауы және есту зейіні дамиды;
- жалпы және ұсақ моторикасының қимылдары артады;
- қимыл-әрекетінің нақтылығын, үйлесімділігі қалыптастырылады;
- әуенді-интонациялық және просодиялық компоненттерінің дамуы артады;
- шығармашылық қабілеті артады;

Логоритмикалық сабақтарға саусақ ойындары немесе саусақ массажы, көзге арналған жаттығулар, әуен арқылы әртүрлі бағытта жүру, жүгіру, тақпақ-өлеңнің сөздерін қимыл-әрекетпен көрсету, мимикалық жаттығулар, сонымен қатар әуен арқылы релаксация жаттығулары, сөз ұйқастар, әуенді, сөйлеу-тілді ойындар кіріктіріледі. Түрлі ритмикалық қимыл-қозғалыстар адамның ми жұмысын белсендендіреді. Сондықтан, интеллектісі анық дамымаған балаларымен логоритмика сабақтарын ерте жастан бастау қажет.

- дыбыстарды бекітуде және машықтандыруда сөз ұйқастарды қолдану, фонопедиялық жаттығуларды жүргізу. Дыбыс айту қабілетін түзету, көмекейін қатайту және сөйлеу тілді тыныстануын қалыптастыру;

- мимикалық бұлшық еттерін дамыту жаттығулары;
- балалардың жасына сай, жалпы моторикасын дамыту жаттығулары. Бұлшық еттерінің қимылдарын дамыту;
- сөз шешендігін дамыту жаттығулары. Белсенді сөз қорын кеңейту;

Тіл кемістігі күрделі балалармен логоритмика сабақтарын жүргізу:

- балалардың қимыл-қозғалысын қалыптастырады, сымбатын, жүрісін, қозғалысын түзейді, тшапшандықтың, ептіліктің, күштіліктің, төзімділіктің дамуына ықпал етеді, кеңістікті бағдарлай білуге үйретеді, сүйек-бұлшық ет аппаратының қатайтады.

- тыныс алуды, моторлық функцияларды, есту, көру ынтасын, есте сақтауды, бет мимикасын дамытады.

- ырғақ, қарқындық сезімін, фонематикалық есту, (қабылдаудың, музыкалық образдарды қабылдай білуді және берілген образға сәйкес нақышты қозғалуды дамытады).

- еркін тыныстауға, қалыпты жағдайға түсуге көмектеседі.

- жеке тұлғалық қасиеттердің дамуына, ұйымшылдыққа, батылдыққа, өзіне деген сенімділікке тәрбиелейді.

Кішкентай орындай алатын гимнастикалық және би жаттығулары, дыбысты аспаптармен ырғақта жаттығулар жасау, еркін қимылдар, ойындар сазды әуенмен қатар жүреді, бұл бүлдіршіндердің ырғақ сезімін, сазды ести білу қабілеті мен жадын дамытып, сазбен жеткізу құралдарын түсінуіне, оларды дыбыстық саралай білуіне ықпал етеді.

Сонымен, қорыта келе, баланың тіл кемістіктері болса, оны міндетті түрде білікті логопед мамандарына көрсету керектігінің маңызы зор. Өйткені, бұл баланың тұлға ретінде дамуына айтарлықтай әсер тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» Заңы 2002 жыл 11 шілде №343
2. Лапшин В.А., Пузанов Б.П. Основы дефектологии. - М.: Наука, 1990.-120с.
3. Әмірова М. Халық педагогикасы - асыл мұра- Бастауыш мектеп, 1994, 170 б.
4. Өмірбекова Қ.Қ. Балқыбеков В.С. Сөйлеу тілінің фонетикалық жағын тексеру және дамыту. – Алматы: Кітап, 2003.- 190 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жумабаева Н.Е., Алданазарова Ж.Е.

«№54 ЖББОМ»КММ бастауыш сынып мұғалімдері

Балалар болашақ қоғам иесі болғандықтан, дүниежүзілік мәдениетті танытып,өзінің төл мәдениетін білетін,сыйлайтын рухани дүниесі бай,жоғары саналы болуы міндетті. Ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесін,мәдениетін жас буынның бойына саналы сіңіру,қоршаған ортадағы қарым-қатынасын мінез-құлқын өмірге деген моральдық көзқарасын,бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты.

Тәрбие жөніндегі Аристотельдің пікірлері кейінгі дәстүрлерде педагогикалық ой-пікірлердің дамуына үлкен әсер етті.Қазақстанда XIX-ХҮ ғасырларда өмір сүрген қазақ ақын жыраулары (Асан Қайғы, Жиембет, Бұқар, Махамбет және т.б.) өз толғауларында адамгершілік тәрбиелік мәні мол қанатты сөздерді, ұлттық дәстүрлерді жақсылықпен жамандық туралы сыршерткен. Ізгі ниетті жан болуға шақырған.Адамгершілік тәрбиесі туралы Я.А.Каменский: «Егер егістікті отамайтын болсақ, егістікке қауіп төндіретін арам шөп өседі» Гере ағаш бұтақтары кесіліп отырмаса жабайыланады. Я.А.Каменский өз пікірлерін білдіре отырып, адамгершілік тәрбиесіне зор мән берген; «Балалардың қандай болып туары ешкімге де байланысты емес, бірақ тәрбие беру арқылы олардың жақсы болып шығу-біздің қолымыздағы нәрсе деген болатын».

Д.Локтың педагогикалық пікірлерінде гуманизм және адамды сипап құрметтеу элементтер орын алады. Оның пікірінше адамгершілік тәрбиенің нақты тәсілдері мен құралдары мынандай қағидаларға негізделуі тиіс: табиғатқа сәйкестігі,бала табиғатын жеке зерттеу және оларда даралық қатынас орнату: тәрбиедегі қаталдықты балаға сүйіспеншілікпен білдірумен ұштастыру.

И.И.Гербарт пікірінше, адамгершілік тәрбиенің мақсаты -мінез-құлықты қалыптастыру. Бұл тәрбие негізінен оқу арқылы жүргізіледі. Осыған байланысты адамгершілік тәрбиесі де оқу сияқты баланың салалы қызуғушылықтарымен адамгершілікті елестеулеріне негізделеді деп есептеді.Тәрбиеші тіптен тәртіпсіз баланың өзінен жақсы сапаларды ойын арқылы іздестіруі тиісті деген идеясына біздер қосыламыз.

Адамгершілік тәрбиесі туралы ой – пікірлер, толғаулары осы күнде де өз жалғасын тауып келеді. Олай болса қазақтың ұлттық ойындарын үйрету арқылы жас ұрпақ адамгершілік асыл қасиеттеріне: ар-ұят, сыпайыгершілік сақтауға, еңбекті қадірлеуге, қайырымдылық, рақымдылық, жолдастыққа, жерін елін сүйуге тәрбиелеу проблемалары Т.Қуанышев, Г.Нұрқанова, А.Асарбаева, Ә.Наурызбайқызы, А.Табілдиев, А.Тұрабаев т.б. Зерттеулерінде қарастырылды

Баланың бүкіл өмірі ойыншықпен байланысты екенін білеміз.

Ойыншық-әдейі балалар ойынына арналып жасалған зат. Біздің ойымызша,психологиялық, педагогикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ,ойыншық баланың өмірінің мәнін толықтыруға соның негізінде тезірек есейуге ықпал тигізеді (ой-өрісін кеңейтеді, бейнеленген заттармен өмір құбылыстарына деген ықпалын тәрбиелейді,дербестігін дамытады, өзара қарым –қатынастарын өз іс-әрекеттерін үйлестіру қабілеттерін дамытады).

Сонымен бастауыш сынып жасындағы баланың дамуымен тәрбиесінде біріншіде ойынға ерекше мән беріледі,себебі ойын бала өміріндегі негізгі іс-әрекеттің түрі болып табылады,екіншіден жеке тұлғаның қалыптасуын ерірткі қасиет саналады дамытудың құралы боп табылады. Ойын адамгершілік тәрбиенің негізгі әдісі. Оған қысқаша мынадай сипаттама береміз.